


СЕМИНАРҒА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Микрофонды
сөндіру/
өзі сөйлеген
кезде қосу

Чатта
белсенділік
таныту



Дәл қазір
және дәл
осында

Спикерге
көмектесу



Тайм-менеджмент
Уақытты басқару



Тақырыбы:
**«Қазақ тілі: Т2 аудиториялы
оқушыларды аралық
аттестаттау емтихандарына
дайындық жұмыстары»**

**Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері: Г.М. Сахариева
Н.Б. Шегирова**

**Аралық аттестаттау
тапсырмаларын әзірлеу үшін
мұғалім нені білуі керек?**

**Тапсырманы қалай әзірлеу
керек және тапсырма әзірлеу
барысында нені ескеру керек?**



**МАҢЫЗДЫ
АҚПАРАТ!**



- ❖ Бағалау критерийлері құрастырылатын тапсырмаларға қарай мұғалімдер тарапынан жасалады.
- ❖ Емтихан тапсырмаларын құрастыруда мүмкіндігінше төрт дағды қамтылады.
- ❖ Емтихан сұрақтарын емтихан алушы педагог құрастырады.
- ❖ Пән мұғалімі емтиханды төртінші тоқсанның соңғы сабағында бақылау жұмысы форматында өткізеді.



Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім болған бақылау, қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10-сынып) жыл аяқталған кезде сыныптарға «Қазақ тілі» пәндері бойынша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда емтихан өткізіледі.

Т2 аудиториясының оқушыларын аралық аттестаттауға қазақ тілі бойынша емтихандарға сәтті дайындалу үшін бірнеше маңызды аспектілерді ескеру қажет:



1. Грамматикалық және лексикалық жаттығулар

Грамматикаға назар аударту: зат есімдерді септеу, етістіктерді жіктеу, есімдіктерді қолдану ережелерін білу.

Сөздік қорын кеңейту үшін сөздікті белсенді қолдануға дағдыландыру. Жаңа сөздермен сөйлемдер құруға тырысу.



2. Мәтінді оқу және талдау

Қысқа мәтіндерді оқып, содан кейін оларды талдауға машық ету. Тақырыпқа, негізгі ойға, мәтін түріне (сипаттама, баяндау, пайымдау) назар аударту. Мәтіннің негізгі тұстарын бөліп көрсете білу, сұрақтарға жауап беруге және эссе жасауға көмек болатын сөйлемдерді белгілеу.



3. Эссе

Емтиханның жазбаша бөлігіне дайындалу үшін эссе жазуға үйрету керек. Тапсырмаларды біртіндеп қиындата отырып, қарапайым тақырыптардан бастаған дұрыстау.

Презентация логикасына, байланыстырушы сөздер мен өрнектердің дұрыс қолданылуына назар аудару.



4. Тыңдау және түсіну

Қазақ тіліндегі аудиоматериалдармен жұмыс (Диалогтар, сұхбаттар, әңгімелер). Бұл есту қабілетін жақсартады және сөйлеуді түсінуге көмектесетіндіктен, жиі аудиомәтін тыңдату дұрыс шешім.

Аралық аттестаттау бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу алгоритмі



01. Аралық аттестаттауда бөлінетін уақытты мұғалім берілген тапсырмалар мен оны орындауға кететін орташа уақытты есепке ала отырып жобалайды.

02. Аралық аттестаттау бойынша емтихан тапсырмаларын сабақта 90 минут уақытқа есептеп жоспарлау ұсынылады.



03. Мұғалім аралық аттестаттау бойынша емтихан тапсырмаларының нәтижелеріне талдау жасайды. Бұл оқушыларға пайдалы кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

04. Сонымен қатар, мұғалім қажеттігіне қарай оқушылардың құрамдық деңгейін, білім деңгейін ескере отырып, тапсырмалар үлгілерін, тәсілдерін қайта қарастыруы мүмкін.

Емтихан тапсырмасын әзірлеу алгоритмінің дескрипторын құрастыру

1

Дескрипторлар аралық аттестаттауда қолданылады

2

Емтихан тапсырмаларында әрбір дескриптор әртүрлі баллмен бағаланады.

3

Дескрипторлар тапсырмамен қатар әзірленеді. Бұл тапсырманың, бағалаудың сенімділігі мен валидтілігін қамтамасыз етеді.

4


Мұғалімге объективті және дұрыс бағалауына көмектеседі.

**Дескриптор
құрастырғанда
нені ескеру
керек?**

Дескриптор оқушының қиындықтарын анықтауға және оған кері байланыс ұсынуға көмектесуі қажет.

Дескрипторларды тұжырымдау кезінде «біледі», «түсінеді», «жасайды» сияқты сөздерді қолданбаған жөн.

Тапсырмалардың дескрипторлары бағалау кезінде мұғалімнің шешімі объективті болуы үшін анық, нақты болуы қажет.



1. Сыныпта меңгерілген материалды емтихан барысында қолданыңыз.
2. Оқушылардан күнделікті сабақта, қосымшада әсіресе айтылым тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап беру, өз ойын дұрыс жеткізе білуге дағдыландырыңыз.
3. Жұмысты орындауға қанша уақыт қажет екенін анықтау үшін келесі ақпараттарды қолданыңыз:
! Емтихан уақыты – 90 мин
4. Оқушылардың кем дегенде 50-70 пайызы жауап бере алатындай немесе күрделілігі орташа тақырыпты таңдаңыз.



Сапалы бағалау — жақсы құрастырылған емтихан құралдарымен қатар бағалау процедурасына қатысты түсіндірме жұмысын дұрыс жүргізумен де байланысты. Оқушылар емтихан тапсыру мақсатын жақсы түсінуі және өздерінен не талап етілетінін білуі тиіс. Сапалы бағалау арқылы оқушылардың үздік нәтижеге қол жеткізуіне Сіздің қосар үлесіңіз мол! Сапалы тапсырмалар әзірлеу — сіздің қолыңызда! Емтихан тапсырмаларын әзірлеу тәжірибеңізге сәттілік тілейміз!

Рефлексия

3-2-1

Мен аралық аттестаттау
тапсырмасын жасауда басты
назарға алатын **3-нәрсе**

Мен аралық аттестаттау
тапсырмасында дамытуды
қажет ететін **2-нәрсе**

Маған әлі де түсініксіз болып
отырған **1-сұрақ**